

"Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының тіркеуін өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 11 шешімі. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанда № 9-5-114 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына сәйкес, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17 бабының 3-тармағын іске асыру
мақсатында

Ш Е Ш Т І М :

1. 2011 жылдың қаңтар-наурызында "Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу өткізу жылы он жеті жасқа толған Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарының тіркеуін өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Селолық округтер, селолар әкімдері тіркеуді өткізу кезеңінде "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне шақырылушыларды хабардар етуді және олардың уақытында келуін ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркеу жүргізу кезеңінде өз құзіреті шегінде әскери міндеттерін орындаудан қашқан тұлғаларды іздестіру және ұстауды жүзеге асыру ұсынылсын.

4. "Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) "Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу өткізу кезеңінде:

1) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеудегі тапсырманы оқу мекемелеріне жеткізу;

2) бастапқы әскери даярлаудың оқытушы-ұйымдастырушыларын әскери-оқу орындары жөніндегі анықтамалық материалдармен қамтамасыз ету;

3) тіркеу уақытында әскери-оқу орнына түсудегі әскери-кәсіптік бағдарлау мақсатында әскерге шақырушылардың әрқайсысымен жеке әңгімелесу өткізу ұсынылсын.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Алтынсарин

аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігеріне (келісім бойынша) тіркеу жөніндегі іс шаралар өткізу ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары міндетін атқарушы **С.С. Құсайыновқа** жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А л т ы н с а р и н

ауданының әкімі

Б. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Р. Сағтаров

"Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с т ы ғ ы

Б. Шубаев

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Алтынсарин аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері

Б. Қаңтарбаев